

Я умею стоять



Мария
Монтесорри









Мария Монтессори «1870-1952» Италияның Анкона провинциясының Кьяравал деген жерінде дүниеге келген, бірақ отбасымен ерте Римге көшіп кетеді, сондықтан Марияның балалық шағы осында өткен. Кішкентайынан өте дарынды, оқу мен білімге деген құштарлығы ерекше ол бастапқы да математикалық білім алғысы келеді. Бірақ медицина саласын таңдап, Рим университетінің клиникасына жұмысқа орналасады. Мұнда ол невропатология бөлімінде ұзақ уақыт ақыл-ойы кем балалармен жұмыс жасаған. Бұл оның педагогикалық жолының бастамасы болды. Монтессори атақты француз ғалымдары Сеген мен Итардың жүйелерін зерттеген, түрлі педагогикалық және психологиялық курстарға қатысты. Өзінің 20 жасында Мария Ортофрениялық мектептің директоры болған.

- Дені сау балалармен алғашқы педагогикалық жұмыстары Сан-Лоренцода Эдуардо де Саламо басшылығымен құрылған 3-7 жастағы балаларды қамтитын «балалар үйінде» басталды. Оның негізінде балалар бақшалары кең таралды. Мон тессоридің өзі ашқан жаңалығы баланың 3 жаста-ақ заттармен әрекетінде зейінінің тұрақталады. Содан Монтессори дамытушы материалдардың арасындағы өзара байланыстың, жеке іс-әрекеттің дербес таңдалудың, іс-қимылдың және сезім мүшелерінің дамуы мен жаттығудың балалардың тәрбиесіне әсер етуін қарастырып, іздене бастайды. Бұл ізденістер балабақшаны қалай жабдықтау керектігін түсінуге көмегін тигізеді. Монтессори принципі бойыша, балаға тәрбиешінің бақылауына барынша ерік беріледі, сонда баланың дамуы шарықтайды деп есептелген. Баланы қимылға, оқуға, жалпы мектепке ғана емес өмірге дайындау керек, егер баланың қателіктерін байқаса педагог оны бірден түзетуі қажет, бірақ алдымен ол үшін ыңғайлы жағдайды таңдау керек.



- 
- Монтессори балабақшалары 3-6 жас аралықтарын қамтитын 18 баладан аспайтын топтардан құралған. Көбіне балалар өз еркінше «Монтессори материалдарымен» жұмыс жасайды. Топтар жарты күн істеген. Педагогтің бір артықшылығы балабақшада, ең алдымен, балалардың еркін қозғалуы мен қиялының шарықтауына үлкен жағдай жасауы, арнайы орта жасауды бірінші орынға қойып отыр.

- Мария Монтессори адамзаттың ақыл- ойын «математика» деп, ал логикалық қабілеттері мен деңгейлерін жоғары адамдарды «интеллектуалды адамдар» деп атайды. Математикалық тәрбие мен білімсіз дүниені танып білу мүмкін емес, барлығы осы математикадан бастау алады деп есептеген. Математика аса дарынды адамдар ғана игеретін ауыр құбылыс емес. Оны үйрену кімнің де болса қолынан келеді, әрине, баланың да, өйткені математика өмірмен тікелей байланысты. 2-3 жастағы бала күнделікті өмірде дағдылану барысында санай білу үрдісін белгілі дәрежеде игереді. Мәселен “бір машина кетіп бара жатыр, әне екіншісі де кетті»- деп анасымен кетіп бара жатқан бала айта алады немесе қарапайым бағдаршамға қарап тұрып, оның 3 көзі бар екенін айта алады. Бала сұрақ қойғанда және оған міндетті түрде жауап алғанды жақсы көреді, үнемі сұрақтар қою арқылы баланың ой- өрісі дамиды. Баланың ақыл- ойы жан- жақты сенсорлық және моторикалық тәжірибені тез сіңіріп қана қоймайды, сонымен қоса математикалық білімдерде дами бастайды .



Баланың ақыл- ойы мен математикалық қабілетін, сезімін дамытудан артық әдіс жоқ шығар. «Баланың бойында сан және санау» идеяларын қабылдаудың «дайындық баспалдағы» ретінде қажетті барлық инстинсивті танымдардың барлығы дерлік бар болады – деп жазады Монтессори. Сан деген түсінік қалыптастыру балалардың сезімдерін дамытуға бағытталған тапсырмалар мен жаттығуларда қамтылған. Әрине, бұл жаттығуларға арнайы материалдар қолданады.

Цилиндрлердің блоктары.

- Әр блокта ондық санау жүйісіне сәйкес 10 цилиндр 10 ойықшалар бар. Цилиндр – геометриялық пішіндер. Цилиндр көлемдері мен пішіндері, биіктігі жағынан әр түрлі, ал ойықшалардың тереңдігі мен көлемі әр түрлі болады.
- Мақсаты: бала цилиндрлерді ойықшаларға салып, алып шығу арқылы үлкен және кішкентай, ұзын және қысқа, жуан, жіңішке, терең, ұсақ ұғымдарын меңгереді.





Күлгін мұнарлар

- Мұнарлар 10 кубиктен құралады. Кубиктердің әр жақтарының пішіндері 10мм қысқарады. Кубиктердің салмағы да бірізділікпен өзгереді.
- Мақсаты: үлкен- кіші, кішірек , үлкенірек түсініктері жақсы игеріледі. Мұнара бірізділікпен, үлкен кубиктерден басталып, кішкентай кубиктермен аяқталады.






Қоңыр баспалдақтар

Әр түрлі шамадан тұратын призмалардан құралған баспалдақтар беріледі. Әр призмалар ұзындығы бірдей, ені әр жағынан 10 мм-ге ерекшеленеді. Төрт жақты призма- көлемді геометриялық фигура.

Қоңыр баспалдақтың призмасы ең жуаннан басталып, ең жіңішкесімен бітеді.

Мақсаты: осының нәтижесінде баланың санасында жуан-жіңішке, жуанырақ-жіңішкерек деген ұғымдар сіңеді.



Қызыл штангілер



• Берілетін материал ұзындығы әр түрлі 10 қызыл штанглерден тұрады. Әр штанглер 10 мм-ге ұзындығы бойынша өзгеріп, кішірейіп отырады. Осылайша ұзын-қысқа, ұзынырақ-қысқарак ұғымдары меңгеріледі. 10 ағаш, ұзындықтары әр түрлі қызыл штангілер беріледі. Ең қысқасы 10 см, ал ұзыны 1 м болады.

- Мақсаты: балаларға 1-ден 10-ға дейін санатып үйрету мен ондық жүйесін қабылдату және меңгерту.





Түрлі-түсті пирамида

Балаларға сандардың құрамын тез игеруіне, арифметикалық белгілер: қосу, азайту, тең т.б. кеңістікті бағдарлауды меңгеруіне бағытталған жаттығу. Ақ картон қағаздан түрлі-түсті цифрлар жазылған кубиктерден тұратын пирамида жасалады. Оң жағындағы баспалдақтарда сан құрамын табу керек, ал сол жағында бірліктер белгіленеді. Әр баспалдақтағы цифрлар әр түрлі бояулармен боялады, бірақ екеуі бір түсті болып, санды құрайтындай орналасады.

1

1 2

1 2 3

1 2 3 4

1 2 3 4 5

1 2 3 4 5 6

1 2 3 4 5 6 7

1 2 3 4 5 6 7 8

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Балалар өз еркінше сандардың құрамын түсінуі үшін және олардың жеке цифр етіп, баспалдақтың жанына арифметикалық белгілерімен жазуына біраз уақыт пен шыдамдылық керек.

$$5=1+4$$

$$5=3+2$$

$$10=1+9 \text{ және т.б.}$$

«Суды сапыру»

Ойыншықтар: поднос, су құйғыш, әртүрлі формадағы банкалар, өлшеуіш стақан, шүберек. Өлшеуіш стақанға су құйғыштан ақырын боялған су құяды. Одан кейін суды әртүрлі ыдыстарға төгеміз. Уақыт өте келе су қайтадан өлшеуіш стақанға құйылады. Қайталау барысында бала әртүрлі ыдысқа бірдей көлемдегі суды бөлуді үйренеді. Бір мезгілде сұрақтар талқылау «Бірдей көлемдегі су қайда?», «Қайда су көп», «Боялған суды құйған қызықты ма, көбікті ме?». Монтесорри бақылау жұмысы ретінде балаға мысал ретінде сусын немесе сүтті құюды ұсынады.






«Сызық бойымен жүру»

Ойыншықтар: эллипс тәрізді сызықтар, еденге жабысқан немесе салынған болу керек. Эллипс диаметрі кем дегенде 4 метр ұзындықта болу керек. Алып жүретін құралдар: боялған суға толы стақан, сылдырмақ, май шам, гүлдер. Балада үлкен қызығушылық туатынын білеміз, егерде олар бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап қозғалса, жиек немесе аласа қабырғада. Бұл ойынды балалар әртүрлі құралдар алып жүреді: стақан немесе бөтелке, боялған су мөлшерінде толтыру, сылдырмақ, жағылған шырақ, бір гүл, кітап. Бала сызық үстінде әр адымда аттаған сайын баланың өкшесімен аяғының ұшы жерге тиетіндей болу керек. Сызық үстінде тік, суды төгіп алмай, кітапты түсірмей, шырақты өшірмей өту керек.

- Монтессоридің классикалық сенсорлық материалдарының осы да, басқа да түрлері «математикаға дайындыққа арналған материалдар» деп аталады. Олардың қатарына көлемді геометриялық денелер бар себеттерді, түрлі-түсті цилиндрлерді, конструкторлық үшбұрышты 5 қорапшаларды, т.б. атауға болады. Кейінірек педагог биноминалды және үш номиналды кубиктерді ойлап шығарады. Бір қызығы, баланың жазуды игеруінің басты материалдары математикалық білімінің негізі ретінде санаудың ондық жүйесі концепциясын ұстанады. Материалдар арифметика мен геометрияның байланысын анық көрсететіндей етіп жасалған: қызыл штангілер түзу мен кесінді туралы түсініктерін қалыптастырады, бірлік нүкте мен ондық түзу, жүздік, онның квадраты сияқты. Негізінен, бұл материалдарды пайдалануына қарай бірнеше топқа топтастыруға болады. Материалдар балаларға қолдануына қарай бірізділік принципіне сәйкес жасалады. Бүлдіршінге, ең алдымен, берілген заттармен қалай жұмыс жасау керектігі көрсетіледі.




Сонымен, **бірінші топтағы** материалдарға балаларға 10 көлеміндегі санауды үйретуге бағытталған материалдар жатады. Бала сандарды цифрмен белгілеп, заттардың санын анықтауды, 0-дің белгілі ретіндегі мағынасы жоқ дегенді білдіретінін түсініп меңгереді.

Екінші топ баланы сан және оның құрамымен таныстырады. Бұл материалдар бірлік моншақтармен, ондық тетіктермен, жүздік шаршылармен, мыңдық кубиктермен беріледі. Сонымен қатар, цифрлары бар кестелер де болады. Алдымен, 1,10,100, 1000, сосын 20, 30, ... 90 және 200, 300, 400..., 900,2000, 3000, 90000. Балалар кәдімгі моншақтарды кілемге тізіп қою арқылы ондық жүйені үйренеді. Мұны 3-4 жасар балалар да біледі.

Үшінші топқа «Сеген тақтасын» жатқызамыз.

Психологияда атақты болып есептелетін бұл тестілік материалды Монтессори дидактикалық материалдар есебінде қолданады. Ағаш қорапшада әрқайсысы 5-ке бөлінген екі тақта орналасады. Біріншісінің жолында 5 рет 10 саны жазылады. Екіншісінде 4 рет 10 саны жазылады. Соңы жолы бос қалады. Тақталарымен қоса 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар кестелер қоса беріледі. Осы тақта мен түрлі-түсті моншақтар арқылы бала сандарды тез еске сақтайды.

- **Төртінші топтағы** материалдар балаға қосу, азайту, көбейту, бөлу сияқты операцияларды меңгеруіне, арифметикада жаттығуына септігін тигізеді.



Балаларға математикалық материалдармен жаттығуларды ұйымдастырғанда мынаны ескеруіміз қажет:

- Балаларға математиканы дайын сабақ ретінде бермей, адамның өзінің әрекеті ретінде түсіндіру;
- Идеяларды балаларға дайын түрде бермей, баламен жаңаны ашу арқылы игеру;
- Танудың негізі жеке құбылыстар арқылы емес, байланыстар арқылы жүзеге асады;
- Білік емес, түсінік маңызды.

Италияның дарынды да, біртуар ғалымы Мария Монтессори әлемдегі ең атақты педагогтарының біріне айналды. Қазіргі таңда, жер жүзіне тараған Монтессоридің педагогикалық жүйесі бойынша көптеген елдердің балабақшалары мен мектептері жұмыс жасауда. Жер бетінде шамамен 5000-нан астам Монтессори мектептері мен балабақшалар бар. Монтессори уақытының өзінде-ақ оның педагогикалық жүйесіне деген сұраныс ерекше еді. Австралиядан үйлерін сатып, Италияға келген екі апалы –сіңілі педагогтар Монтессоридің ілімін өз жерлеріне таратады. Ал көрші Ресейдің Ю.И.Фаусек, Е.И. Тихеева, Л. Н. Толстойдың қызы Татьяна да арнайы Монтессориден тәлім алып кеткен. 1913 жылы орыс тілінде М.Монтессоридің «Балалар үйі ғылыми педагогиканың әдістері» атты негізгі еңбегі басылып шықты. Осылайша педагогтың қалаған жаңаша жүйесі бүкіл әлемге танымал болды. Қазіргі таңда оның жүйесі үлкен сұранысқа ие. Бірақ оның бұл жүйесін жабдықтау үлкен қаражаттарды талап етеді. Қазіргі кезде М. Монтессори Италияның ұлттық мақтанышына айналды.

М.Монтессоридің жүйесін елімізде көбіне арнайы орталықтар мен жеке меншік балабақшалар қолданады. Әрине, италян педагогінің педагогика ғылымына, оның ішінде мектепке дейінгі педагогикаға әкелген ғылыми жаңалығы мол, кемшіліктерінен артықшылықтары басым. Бірақ, біз шетелдің тәжірибелерін еліміздің білім беру жүйесінде қолданғанымызбен, өзіміздің ұлттық ерекшелігіміз бен құндылықтарымызды ұмытпай, шетелдің озық тәжірибелері мен технологияларын ұлттық тәрбиемен ұштастырып, қадағалап отыруымыз керек.

